

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
Наурызбай ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу 17 ақпанда, сағат
9.00-де «Қалқаман-2»
шағынауданы, Талжанов
көшесі, 1 Б
мекенжайындағы №206
мектеп-гимназияда өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Наурызбай
әкімдігінің Facebook
парақшасынан көруге
болады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫП

6

МӘДЕНИЕТ



ЫҚЫЛАСТЫҢ ҚОБЫЗЫ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.02.2023

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

15.02.2023

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты

СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №22 (6315) 14 ақпан, сейсенбі, 2023 жыл.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Алматы метрополитені желісіне қосымша жылжымалы құрам қосылды




Бүгінде метромен жүретін жолаушылардың саны көбейді. Жайлы әрі жылдам жүретін заманауи көлікке мінсеңіз, кептеліс дегенді мүлде ұмытасыз.

4

ТАУ ТУРИЗМІ

АЛМАТЫДАН – «АЮСАЙҒА»

шағын автобус қатынайтын болды



Әр сенбі, жексенбі күндері
Алма-Арасан шатқалындағы
визит-орталыққа енді тек жеке
автокөлікпен, таксимен немесе
экскурсиялық көлікпен ғана емес,
шағын автобуспен де жетуге
болады. Бір бағытқа қарай жету
бағасы бір адамға 1000 теңге,
барып-қайту бағасы 2000 теңге.

«Аюсайға» шағын автобустар Әл-Фараби
даңғылындағы Тұңғыш Президент паркіндегі
автотұрақтан жүреді. Шағын автобустарды
қоғамдық көлік тоқтайтын аялдамаға жақын
маңнан таба аласыз, сыртында арнайы жазуы
болады», – делінген визит-орталықтың
Instagram-дағы ресми парақшасында.

Шаттл бағыты: автотұрақ – «Өткел» аял-
дамасы – «Аюсай» визит-орталығы. Ұлттық
паркке кіру үшін төленетін экотөлемді әр
жолаушы өзі төлейді.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменованы қабылдады.
- Бүгін, сағат 10.00-де Үкімет үйінде Үкімет отырысы өтеді.
- Премьер-Министр: Қазақстанда өнеркәсіп құрылымы өзгереді.
- Елімізде инженерлік желілердің 70%-ға жуығы цифрландырылды.
- ТЖМ-нің жаңа әскери бөлімі құрылады.
- Қазақстан мектептерінде қауіпсіздікті тексеру жұмыстары жүргізіледі.
- Алматы агломерациясы халқының саны 3,6 миллион адамға жетті.
- ҰБТ-2023: «Математика-Информатика» комбинациясы енгізіледі.
- Елімізде 3 мыңға жуық көше мен елді мекен атауы өзгереді.
- 60 мыңнан астам азамат шетелдік көліктерді заңдастырды.
- Еліміз жанар-жағармайдың бағасын нарық тәсілімен белгілейтін жүйеге көшпек.
- Алматылық адвокаттар 14 500-ден астам азаматқа заңды көмек көрсетті.
- Астрономдар жаңа экзопланетаны тапты.
- Дубайда 2026 жылдан туристерге ұшатын электр таксилер қызмет көрсете бастайды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН!

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Ауғанстан соғысында алматылық 119 жауынгер қаза тапқан

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатына бұл жолы интернационалист-жауынгерлер шақырылды. Ардагерлер Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған 15 ақпан күні қандай іс-шаралар өтетіні туралы айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Биыл Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанына 34 жыл толды.

Жиында айтылған мәліметтерге сүйенсек, Ауған соғысына 22 296 қазақстандық қатысты, оның 928-і қаза тапты, мыңдаған жігіт мүгедек болып оралды, 19-ы із-түзсіз жоғалып кеткен. Бес жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры, біреуі Халық Қаһарманы, екеуі «Айбын» орденінің иегері атанды. Мыңдаған жігіт Тәуелсіз Қазақстанның наградаларымен марапатталды. Ал олар кезінде соғысқа «награда аламыз, ба-

тыр боламыз» деп емес, патриоттық рухпен барған. Көзсіз ерліктер жасаған өрімдей жастарды ұмытпауымыз керек.

Қазіргі күні Алматының барлық мектебінде «Ерлік сабағы», спорттық жарыстар, командалық кездесулер өтуде. 15 ақпанда 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында аталарымыз бен әкелерімізді еске алып, мәңгілік алауға гүл қою рәсімі өтеді. Сондай-ақ, Ауғанстанда қаза тапқан алматылықтардың ескерткішіне гүл шоқтары қойылады. Айта кетейік, Ауғанстандағы соғыста Алматының 119 тұрғыны қаза тапқан.

«Біздің ұрпақтың басына ауыр тағдыр түсті, қиын кезең болды. Құндылыққа

ұмтылатын кез келген мемлекет өзінің өткеніне сүйенуі керек. Қазір Ауған соғысының төңірегінде дау көп, бұл өте күрделі мәселе. Мен Ауғанстан тарихын мұқият зерттедім. Бұл 1979 жылы басталған жок, қақтығыс ағылшындар Ауғанстаннан кеткен кезде басталды. Осы уақытқа дейін Ауғанстан мен Пәкістан территориясындағы Дюранд желісінің бойындағы бұл қақтығыс әлі де бар. Өкінішке орай, қақтығыс жалғасуда», – деді Ауғанстан соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары Байкал Хамзин. Ол алдағы уақытта Ауғанстандағы оқиғаларға елімізде құқықтық баға берілетініне сенім білдірді.

Брифингте сөз алған тағы бір ардагеріміз – ұрыс қимылдарына қатысқан «Көк байрақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Бейсенбаев болашақ ұрпақ тарихқа бет бұру керектігін атап өтті.

«Бұл дата ұмытылмауға тиіс. Жауынгерлер әскери борышын бұйрық үшін емес, Отан алдындағы борышын өтеу үшін атқарды. Бүгінде ардагерлердің алдында шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Медициналық көмек пен емделу жағына келсек, 15 жылдан бері баспана күтіп, ала алмай жүрген ардагерлер де бар», – дейді А.Бейсенбаев.

Ауған соғысына қатысқан интернационалист-жауынгерлердің барлығы 18 жастағы арманшыл бозбалалар еді. Олар Отан алдындағы борышын адал өтеу үшін кетті. Олар – жастар үшін ерліктің, қажыр-қайраттың үлгісі, нағыз отаншылдықтың үлгісі.

ПАРЫЗ

Ертең – Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толады. Бұл жауынгерлік іс-қимылдарға КСРО елдерімен қатар, Қазақстаннан 22 мың адам қатысты. Олардың 800-ге жуығы соғыста құрбан болды және елімізде жерленді. Ал 20-дан астам адам із-түзсіз жоғалғандар тізіміне енді. 22 мың сарбаздың 10 мыңнан астамы мүгедек болып оралды.



АРДАГЕР

Иә, 18-19 жасында өмірін окка байлап, ажалдың арасында, қатердің ортасында әскери борышын өтеген жауынгерлердің жүрегіне түскен дақ ешқашан өшпек емес. Сол жауынгерлердің бірі – Ұлттық ұлан қатарынан зейнетке шыққан запастағы медицина қызметінің полковнигі Қалыбек Бұралхиев. Ол жоғары оқу орнын оқып жүрген жерінен, 1-курсты бітірген жылы әскер қатарына шақырылды. Өзбекстан Республикасының Шыршық қаласындағы әскери бөлімде алты айлық дайындық курсынан өтіп, сержант атағын алып, сол жақта әскери борышын өтеді. Солай 1987 жылдың қараша айынан бастап Ауғанстан жеріне ерікті түрде соғысқа аттанады.

– Ауған жеріне табанымыз тиген сәттен бастап мен Кабул қаласындағы Кеңес әскерлеріне арналған аэродромды күзеткен 29761 дала поштасында қызмет еттім. Қызмет аса жауапты болды. Себебі, әуежайға шабуыл жасалу қаупі өте жоғары еді. Әрі аэродромның жанында оқ-дәрілер қоймасы бар болатын. Бір күні сол қауіп шынға айналды. Аэродромға қарулы шабуыл жасалды. Снарядтар қоймасына қарай оқ атыла басталды. Мен қарауылда тұрғанмын. Взводты дереу көтеріп, ашық ұрысқа көштік. Бұл ұрыстан біздің жауынгерлер еш шығынсыз аман шықтық және аэродромның талқандалуына жол бермедік. Кейін белгіленген қызмет мерзіміміз аяқталған соң қайта Өзбекстанның Термез қаласына келіп түстік. Ол жерден бізді Беларусь Республикасының Береза қаласына жіберді, сол жерде мерзімдік әскери қызметімді аяқтадым. Осы қызметім үшін мен «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталдым, – дейді әскердегі қызметін есіне түсірген зейнеткер, запастағы полковник Қалыбек Бұралхиев.

Қатқан нан мен қара суды қанағат тұтқан жауынгерлердің күні солай өте берді. Оқ пен оттың ортасында 1 жыл 3 ай жүрген Қалыбек Амангелдіұлы жанындағы қарулас жолдастарымен бірге 1989 жылдың қаңтар айында туған елге аман-есен елге оралды.

Қазақстанға келгеннен кейін аяқсыз қалған оқуын қайта жалғастырды. 1994 жылы дәрігер мамандығын алып, Алматы қаласында санитарлық-эпидемиологиялық орталықта дәрігер-эпидемиолог болып қызмет істеді. Кейін әскери қызметке қайта оралып, 1995 жылы Алматыға іргелес Ұзынағаш ауылындағы 28237 әскери бөлімінде төрт жылға жуық медицина қызметінің бастығы лауазымын атқарды. 1999 жылы құқықтық тәртіп әскеріне ауысып, Алматыдағы 7552 әскери бөлімінің медицина қызметінің басшысы лауазымынан Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығындағы санитарлық-эпидемиологиялық орталық бастығына дейінгі қызметтерді абыройлы атқарды. 2017 жылы еткен еңбек пен төккен тердің нәтижесінде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының медицина бөлімінің бастығы лауазымынан зейнетке шықты.

Бүгінгі күні елуді еңсерген ел ағасы тәуелсіз елде бейбіт өмір сүріп жатқанымызға, ұрпағының соғыс көрмей, түн ұйқысының тыныштығына шүкіршілік етеді. Сондай-ақ, жастармен жиі кездесулерге барып, өмірден көрген-түйгендерін айтып, ұрпағымыздың патриот болуына үлесін қосып жүр.

Нұр ЖАМАЛ.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ОТАН ҚОРҒАУ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әуезов аудандық Қорғаныс істері жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында әскери патриоттық бағыттағы тәрбие жұмысы мен әскери жоғары оқу орындары туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шараға Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтының Курсанттар батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары, подполковник Ерлан Нұрахметұлы, оқу-әдістемелік басқарма білім сапасын бағалау бөлімінің әдіскері, полковник Темірхан Ерланұлы және Ауған соғысының ардагерлері, курсанттар мен мектеп оқушылары қатысты. Іс-шараға арнайы келген Жоғары әскери оқу орындарының өкілдері оқу орны туралы жан-жақты мәлімет берді.

«Біздің басты мақсат – болашағын әскери саламен байланыстырғысы келетін оқушыларға қаладағы әскери институттар туралы толық ақпарат беріп, әскери қызметтің ел үшін маңызын ұғындыру. Мен де сіздер секілді мектепте оқып жүрген кезімде әскери оқу орнына түсуді армандап, бел будым. Қарулы күштер саласында 28 жылға жуық қызмет етіп келемін. Меніңше, оқушылар арасында Алматы қаласындағы әскери жоғары оқу орындары туралы үгіт-насихат кеңінен жүргізілуі керек. Өйткені, Отанды қорғау – әр азамат үшін үлкен абырой, зор мақтаныш. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан әскери оқу орындарына түсу үшін біраз жеңілдіктер қарастырылған», – дейді Алматы қаласы Әуезов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының басшысы, полковник Марат Тайболатов.

– Әскери мамандықты таңдауыма әкем себепші болды. Бала кезден әкемнің әскери қызметіне, жүріс-тұрысы мен сөйлеу мәнеріне қатты қызығатынымын. Сол кезден, яғни 6 жасымнан бері «Әскери боламын» деген мақсатымнан еш айнымадым. Әскери салаға бет бұрған алғашқы қадамым «Арыстан» мамандандырылған лицейіне оқуға түскен күннен басталды. Лицейде оқып жүргенімде патриоттық сезімім нығая түсті. Уақыт өте келе, нақты саласын таңдау керек болды. Менің әскери ұшқыш болғым келді. Бірақ өмірде бәрі қалағандай бола бермейді екен. Денсаулығымға байланысты Ақтөбе қаласындағы оқу орнына түсе алмадым. Әкем Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институттағы Радиотехникалық қамтамасыздандыру мамандығына оқуға түсуіме кеңес берді. Әуеде болмасам да, әуедегі ұшқыштардың қауіпсіз ұшуын қамтамасыз етемін, – деген Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 4-курс курсанты Ерасыл Арманұлы болашақта осы саланың нағыз маманы болатынына нық сенімді.



БРИФИНГ

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫ

Алматылық адвокаттар 14 500-ден астам азаматқа мемлекет кепілдік берген заңды көмек көрсетті



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қалалық Әділет департаментінің өкілдері адвокаттардың көмегіне кімдердің құқығы бар екені жөнінде айтты.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласының Әділет департаменті басшысының орынбасары Берікбол Сәменов бытыр Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаттары мемлекет кепілдік берген 14 589 азаматқа жалпы сомасы 183 093 000 теңгеге заң көмегін көрсеткенін айтты.

«Қала тұрғындары құқықтық кеңес алу үшін Алматы қалалық адвокаттар алқасына келуі қажет. Қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша 15 заң консультациясы жұмыс істейді. Азаматтардың адвокат жалдауға мүмкіндігі болмаса, онда оған бюджет есебін мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілетінін көбі біле бермейді. Қазақстан Республикасы-

ның Конституциясы мен заңдарына сәйкес әркімнің азаматтық, әкімшілік және қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде білікті заң көмегін алуға құқығы бар», – деді Б.Сәменов.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін адвокаттар, нотариустар және жеке сот орындаушылары алимент, зейнетақы мен жәрдем-ақы өндіріп алу, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмектестік таламдарға, жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарына, адам саудасына, еңбекпен байланысты денсаулығына келтірілген зиянның немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша тегін қызмет көрсетеді.

Тегін қызмет Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарына қатысушыларға, әскери қызмешілерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, жасы бойынша зейнеткерлер, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған тұлғаларға да көр-

сетіледі. Олар тұрғылықты жері мен орналасқан жеріне қарамас-тан Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқылы.

ҚАЛАДА 336 АДВОКАТ МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТЕДІ

Құқықтық түсіндіру жұмыстары және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы Әділет Қадыров Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамалық актілерінде әрбір адамның азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істе белгіленген нормаларға сәйкес білікті заң көмегін алуға құқығының қарастырылғанын айтып өтті.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімі жыл сайын мемлекеттік және орыс тілдерінде мерзімді басылымдарда, сондай-ақ интернет ресурстарында жарияланады.

«Биыл Алматы қаласына халыққа кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегін көрсету үшін 250 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Істердің ауырлық дәрежесіне қарай адвокат өз қызметі үшін ақы алады. Іс аса ауыр емес, әкімшілік және азаматтық сипатта болса, ол жұмысының бір сағаты үшін 0,56 АЕК алады; егер ауыр қылмыс болса, 0,76 АЕК; аса ауыр қылмыс болса, 1,15 АЕК алады», – деді спикер.

Азаматтар заң консультацияларының мекенжайын Алматы қаласы Әділет департаментінің ресми сайтынан біледі немесе 119, 1414 (Құқықтық ақпараттық қызмет) нөміріне қоңырау шала алады. Құқықтық ақпараттық қызметті Қазақстан Республикасының барлық аймағы бойынша телефон байланысы арқылы алуға болады.

ЖАҢА КІТАП



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЕСТЕЛІКТЕР СЫР ШЕРТЕДІ

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінде генерал-майор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері Еркін Мұсабаевтың «Память, говори...» атты кітабының тұсаукесері болды.

АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Кітапта генерал-майордың өмірі және қызмет жолында бастан кешкен оқиғалары баяндалған. Еркін Мұсабаев еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне сүбелі үлес қосқан жан. Қатардағы жедел уәкілден бастап, арнаулы қызметтің барлық сатысынан өтіп, бәрін абыроймен атқарған. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету атты қастерлі іске еңбегі сіңген құрметті ардагер.

«Біздің әкеміз зейнет жасына шығар алдында ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінде жұмыс атқарды. Оның өмірі өте ерекше болатын, анам екеуі көптеген қалада бірге қызмет атқарды. Әкем жастайынан тынбай еңбек етті. КСРО МҚК-нің орталық аппаратында бөлім бастығының орынбасары, өндірістік қарсы барлау басқармасының партия ұйымының хатшысы болды. Қызмет жолында еліміздің әр аймағында басшы бо-

лып жұмыс істеді. Біз әкемізді мақтан етеміз. Бұл кітапта әкеміз бала кезінен, есейген, ес кірген сәтіндей кезеңдері жазылған. Сондай-ақ, өзімен бірге жұмыс істеген қызметтестері жайлы баяндалады», – дейді қызы Раушан Мұсабаева.

Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері, генерал-майор Махамбет Мұстафа: «Біз Еркінмен ұзақ жылдар бойы дос болдық. Кітапты жазар алдында «мұның пайдасы біреуге тие ме, жастарымыз осы кітапты оқығанда рухтанып, жігерлене ала ма?» деп көп ойланды. Ақыры оқырмандардың жүрегіне жететіндей жазуға тырыстық. Еркіннің еңбек жолы өте қызық. Оның отбасындағы 4 қызы әр өңірде қызметте жүргенде дүниеге келді. Қасындағы жары оған сенім білдіріп, үнемі қолдау көрсетті. Еркін өте еңбекқор, адал, жүрегі кең адам. Өзін бастықпын деп менменсігенін еш уақытта көрмедім. Оның өмір жолы жастарға үлгі-өнеге екеніне сенімдімін», – дейді.

ӘЛЕУМЕТ

ТҮРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласында да әлеуметтік осал топтарға тұрғын үй көмегі көрсетіледі. Бұл көмек коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар отбасының жиынтық табысының 5 пайыздық үлесінен асатын жағдайда көрсетіледі.

Нұржамал ӘЛШЕВА

– Мәселен, отбасының жиынтық табысы 150 мың теңгені құраса, отбасының жиынтық табысының 5 пайыздық үлесі – 7,5 мың теңге, коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар норма бойынша 16 мың теңге болса, онда тұрғын үй көмегіне 8,5 мың теңге шығады (16 мың теңге – 7,5 мың теңге).

Тұрғын үй алаңының нормасы, адам басына 18 шаршы метрлік пайдалы алаңды құрайды, ал бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін – иеленіп отырған тұрғын үйінің нақты пайдалы алаңына тең болуға тиіс. Көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекіту кезінде коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметтерді) реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті орган қол-

данатын коммуналдық қызметті қолдану нормаларына тең, – дейді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік төлемдер бөлімінің бас маманы Камшат Қошқарбаева.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) аудандық «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы – Халыққа қызмет көрсету орталығына өтінішпен жүгінеді. Өтінішке өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы беріледі); отбасының табысын растайтын құжаттар; өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жерінен мекенжай анықтамасы; жылжымайтын мүліктің болуы (болмауы) туралы анықтама; зейнетақы аударымдары туралы анықтама; жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама; бала-



ларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер; банктік шоты; тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар; коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар; телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі; жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот қоса ұсынылады.

Тұрғын үй көмегі жайында қосымша ақпарат алу үшін тіркелген тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдеріне хабарласуыңызға болады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Биыл Алматы аудандарындағы 130-дан астам аулаға жөндеу жұмыстары жүргізіледі



Алматының жаңа бас жоспарын іске асыру нәтижесінде 180 000-ға жуық жұмыс орны ашылады



Метро желісімен күніне 85 000-ға жуық жолаушы тасымалданады



Алматыдағы жылу желілерінің ұзындығы 1352 шақырымды құрайды





ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Алматы метрополитені желісіне қосымша жылжымалы құрам қосылды

(Басы 1-бетте)

«Алматы метрополитені» КМК баспа-сөз қызметі жолаушылар ағынының артуына байланысты және халыққа сапалы қызмет көрсету мақсатында 2023 жылғы 13 ақпаннан бастап Алматы метрополитенінде қосымша жылжымалы құрам қосылғанын хабарлады. Осылайша метро желісінде бұдан былай 10 құрам қызмет көрсетпек. Демек, жаңа құрам қосылған соң қозғалыс аралығы қарбалас сәтте 6 минут 12 секундқа дейін қысқарады. Метромен көп жүретін жолаушылар электрлі жылжымалы құрамның қозғалыс кестесін «Алматы қаласының метрополитені» қосымшасынан көруіне болады.

Алматыда жұмыс күндері 555 мыңға дейін көлік жүреді. Ал таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта көлік қозғалысы 170 мыңға дейін ұлғаятынын ескерсек, бүгінгі таңда жерасты көлік жүйесінің алматылықтар үшін пайдасы шаш-етектен деуге болады. Мұнда біріншіден, жолаушылар үшін жайлылық, қауіпсіздік мәселелері толықтай ескерілген. Жолаушылар вагондардан вагондарға емін-еркін өте алады.

Екіншіден, жылжымалы құрамдардың тежегіші колодкалық ескі әдіспен емес, диск арқылы жұмыс істейді. Бұл жұмыстан шаршап қайтқан жұрттың бір мезгіл тыныштықта, ешқандай у-шусыз жол жүруіне әжептәуір көмек. Сағатына орта есеппен 40 шақырымдық жылдамдықпен жүретін метро пойызы алғашында бір мезетте 940 жолаушы тасымалдайтын болса, бүгінде жолаушылар ағыны шамамен екі есеге артып, 85 мыңға жетіп отыр.

Мәселен, Орталық стадионның тұсындағы «Байқоңыр» бекетінен соңғы «Райымбек» бекетіне дейін бекеттердегі аялдауларды қоса есептегенде, шамамен, 9-10 минутта жетіп барасыз. Қала тұрғындары жұмысқа баратын, кешкілік қайтатын уақыттарда пойыздар бекеттерге әр 6 минут сайын келетін болса, басқа кездерде олардың жылжу уақыты сирек. Вагондар аралығындағы жиілік сиреген сайын жолаушы аялдамаға көп жиналатынын айтпаса да түсінікті. Вагон іші адамға лық толған да халыққа онша ұнай бермейді. Өйткені, қазір бұрынғыдай емес, байқасаңыз, мет-



КЕРЕК ДЕРЕК

- Метроның бірінші желісінің ұзындығы 8,56 шақырым. Ал тереңдігі – 40 метр.

ромен жүретін жолаушылардың саны едәуір көбейді. Осы тұста метрополитен басшылары жолаушылар ағынының артқанын ескеріп, вагондардың қызмет көрсету жиілігіне көңіл бөлсе екен дейміз.

Тақырыпқа орай біз ғаламтор арқылы әлемдегі жерасты көлік қатынасының тарихына көз жүгіртіп көрдік.

Деректерге сүйенсек, әлемдегі ең ежелгі 1863 жылы ашылған Лондон метро-сының жалпы ұзындығы 410 шақырымға жетіп, бүгінде оны жыл сайын 1 миллиардтай халық пайдаланады екен. Соған қарамастан Лондон метросы әлемдегі ең қымбат метро болып саналады. Ал 1969 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан әлемдегі ең арзан Пекин метро-сының жол

жүру ақысы біздің өлшеммен 35–40 теңгеге тең. Оның ұзындығы 200 шақырымды құрап, күн сайын 16 млн адамға қызмет көрсетсе, ал әлемдегі ең көп қолданыстағы Мәскеу метро-сы жыл сайын 3,2 млрд адамды тасымалдап, 174 станция арқылы күніне 8 млн жолаушы жерасты жолдарымен жүретін көрінеді.

Гонконг метро-сы – әлемдегі ең автоматтандырылған метро атанған. Қазақстанда – тұңғыш, Орталық Азияда Ташкенттен кейін екінші саналатын Алматы метро-сы ТМД аумағында 16-шы соңғы үлгідегі заманауи озық технологиялармен жарақтанған, ұлттық нақышта безендірілген жерасты көлігі болып саналады.

Мәселен, Ташкент метрополитені 36,2 шақырым (22,5 миль) маршрутта жұмыс істейтін және 29 станцияға қызмет ететін үш жолдан тұрады. 2013 жылы метрополитенмен 59,2 млн жолаушы тасымалданған екен. Бұл сарапшылардың болжамынша, орташа күндізгі 162 200 шабандозға сәйкес келетін көрінеді. Міне, сол өзбек ағайындар мінетін метроның жұмыс уақыты таң-

ғы 5-тен түн ортасына дейін, пойыздардың жүру аралығы 3–15 минутпен жүреді.

Бұл біріншіден, халықтың жайлы ортада өмір сүруіне деген қамқорлық. Екіншіден, көшедегі кептеліс азаяды. Халық метроның қолайлылығын ескеріп, жеке көліктермен жүруін де тоқтатуы мүмкін.

Ендеше, Алматының метро-сы да халық үшін осылай қызмет көрсетсе, құба-құп. Әсіресе, жұмыс күндері метро пойыздарының жүру жиілігі 3 минутқа дейін қысқарса, жолаушылар қуанбаса, ренжімейтіні анық. Бұл Алматының жол қозғалысы үшін де едәуір көмек.

Метрополитенге электрлі депо, инженерлік корпус, қызметкерлер бөлмесі және «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «М.Әуезов атындағы драма театры», «Алатау» бекетінен кейін, 2015 жылы батыс бағытта тағы да екі бекет – «Сайран» және «Мәскеу» ашылды. Өткен 2022 жылы «Сарыарқа» мен Б.Момышұлы» атты екі жаңа бекет қолданысқа берілді.

Алматының метро-сы осылайша қала орталығын шеткі аудандармен байланыстырып, ұзындығы 13,4 шақырымды құрады. Бекеттерді іске қосудың салтанатты рәсімінде қала әкімі Ерболат Досаев метрополитен құрылысшылары мен қызметкерлеріне ерен еңбектері мен қаланың қоғамдық көлігін дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс білдіре келіп: «Бұл қала мен тұрғындар үшін өте маңызды оқиға деп санаймын. Мәселе біз күтіп отырған жолаушылар ағынының, 50 мыңнан 85 мыңға дейін өсуінде ғана емес. Қала барынша жайлы болады, бәрімізді толғандыратын трафик, экологияны жақсарту мәселелерін шешеміз», – деген болатын.

Алматының көлік кептелісі, жолаушы тасымалы мәселесін шешуге зор үлес қосып жатқан метро құрылысын әрі қарай дамыту мақсатында бүгінде атқарылып ауқымды жоспарлар бар.

Жалпы, Алматы метроларының интерьері өте әдемі. Егер алдағы уақытта салынады деп жоспарланған бекеттер ұлттық нақышта безендірілетін болса, Алматы метро-сы жерасты мұражайы атануы да ғажап емес.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

КӨГАЛДАНДЫРУ – АУҚЫМЫ КЕҢ ЖҰМЫС

Ауа райын болжаушылардың айтуынша, биыл Алматыда көктем ерте шығатын секілді. Осыған орай, қалада құраған бұталары бар ағаштарды кесу жұмыстары жүргізілуде.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келелі жиындардың бірінде көгалдандыру мәселесіне қатысты «2025 жылға дейін екі миллиард ағаш отырғызылады. Бұл бастама үлкен халықаралық резонансқа ие ұлттық ауқымдағы жобаға айналып жатыр. Бұл міндет – өте өзекті, сондықтан оны көзбояушылықсыз жүзеге асыру керек» деген болатын.

Биыл бұл бағытта Алматыда да ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтар айында мегаполисте Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың төрағалығымен Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері, Алматы қаласы мәслиха-

ты мен Қоғамдық кеңесінің депутаттары, сондай-ақ белгілі ғалымдар, көгалдандырушылар мен эко-белсенділердің қатысуымен «Дөңгелек үстел» өткен болатын. Басқосуға жиналғандар қала аумағында өсетін жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Ережелерінің жобасын талқылап, оны күтіп ұстаудың түрлі бағыттарын ұсынды.

Аталмыш жобаға алғаш рет суару, оның ішінде суару жүйесін ұйымдастыру, жасыл желектерді зиянкестер мен аурулардан биологиялық өңдеу, негүрлым сапалы отырғызу материалдарын таңдау, объектілерден ағаштарға дейінгі ең аз арақашықтықты сақтау, ағаштарды санитарлық және қалыптап

кесу, аумақтарды салу немесе реконструкциялау туралы шешімдер қабылдау кезінде міндетті түрде қоғамдық тыңдау өткізу жөніндегі негізгі нормалар мен талаптар енгізілген.

Тағы бір ескеретін жайт, ережеде жасыл желектер бар аумақта жұмыс жүргізетін құрылыс компанияларына қойылатын талаптар айтарлықтай күшейтілді. Бұдан былай құрылыс ұйымдары жұмыстарды жүргізу кезінде жасыл желектерге қатысты бірқатар талаптарды орындауға міндетті. Мәселен, олар ағаштар мен бұталардың өздерінен тыс қалуын ескере отырып, құрылыс алаңдарын қоршап, сақталған ағаштарды бағаналар ретінде пайдалануға, осы ағаштарға қандай да бір зақым келтіруге, тамырлардың ашылуына және магистральдық шеңберлерді жермен, құрылыс материалдарымен және қоқыспен толтыруға жол берілмейді.

Алматыны көркейтуге бағытталған алдағы жұмыс жоспары мен көгалдандыру ісінің ауқымы кең. Сондықтан біз қала тұрғындары мен қонақтарының жайлы демалуына, қауіпсіздігіне және қоршаған ортаның тазалығына баса мән беруге бағытталған жоғарыда аталған жұмыстар алдағы уақытта өз нәтижесін береді деп сенеміз.

ҚОРШАҒАН ОРТА



«ДЕНСАУЛЫҚ БАСПАЛДАҒЫН» ТАЗАЛАДЫ

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы көпшілікке «Денсаулық баспалдағы» деген атпен таныс орынға тазалық жұмыстарын жүргізуде.

842 сатыдан тұратын баспалдақты жауған қардан тазарту үшін алдымен сыпырып, содан кейін арнайы құралдармен қатқан мұздарын ойды. «Денсаулық баспалдағында» қала тұрғындары жазда жаппай жүгіру жарыстарын өткізсе, қыста да өзінің төзімі мен күшін сынап көргісі келетін әуесқойлар көп. Себебі, мұндағы «жүгіру» қашықтығы метрмен емес, басқышпен өлшенеді.

«842 сатыдан тұратын баспалдақты жауған қардан тазарту үшін алдымен сыпырып, содан кейін арнайы құралдармен қатқан мұздары ойылды. Қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жұмыс жауапты сала мамандарының үнемі назарында. Өйткені, мұнда жастармен қатар, үлкен кісілер де жиі келеді», – дейді басқарма өкілдері.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САЙЛАУ – 2023

АРАЛАС САЙЛАУ:

артықшылықтар мен мүмкіндіктер



Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласында «ҚСЗИ GPS: Gylum. Pikir. Sayasat» алаңында сарапшылар қауымдастығы аралас сайлау жүйесінің негізгі артықшылықтары мен мүмкіндіктерін талқылады. Белгілі саясаттанушылар, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен академиялық ортаның өкілдері, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының сарапшылары аралас сайлау жүйесі тәжірибесіне қатысты сараптамалық ой-пікірлерін ортаға салды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Еркін Тұқымовтың айтуынша, Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарға сайлау алдағы бірнеше айдың саяси-ақпараттық күн тәртібінің басты оқиғасы болады.

Мұндай назар аударудың себебі – сайлаудың аралас сайлау жүйесі бойынша өтуі. Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізімнің пропорционалдық жүйесі негізінде, ал 30 пайызы мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болады. Облыстық мәслихаттар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары деңгейінде депутаттық корпус 50/50 пайыздық арақатынаста құрылады. Облыстық мәслихаттар толығымен мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болады.

Бір жағынан, бұл жаңашылдық Қазақстан үшін жаңалық емес. 1999 және 2004 жылдардағы сайлаулар да аралас жүйе негізінде болған. Содан бері жиырма жылдай уақыт өтті. «Гибридтік» сайлау туралы білмейтін жаңа буын өсіп шықты. Сондықтан сарапшылардың қазіргі міндеті – аралас сайлау жүйесін түсіндіру. Сол себепті, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Еркін Тұқымов аралас сайлау жүйесі бойынша сайлауды өткізудің түрлі аспектілерін «ҚСЗИ GPS» ұлттық сараптама платформасының отырысында талқылауды ұсынды.

«Аралас сайлау жүйесі барында жиі кездесетін тәжірибе. Бүгінде бұл жүйе Жапония, Германия, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Италия, Мексика және басқа да елдерде қолданылады. Бізге жақын Ресейде, Қырғызстанда және Грузия мен Литвада осындай жүйе бар. Әрине, әр елдің өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес», – деді Е.Тұқымов алғысөзінде.

Қырғыз Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының директоры Канатбек Азиз бүгінгі тақырып Қазақстан үшін де, Қырғызстан үшін де өте өзекті екенін атап өтті.

«Сайлау нәтижесінде туындаған бірнеше мәселелер бар. Бірінші кезекте бұл депутат мәртебесін жүзеге асыру мәселесіне қатысты. Өйткені, саяси партиядан сайлайтын депутаттар мен бір мандатты округтер бойынша сайланатын депутаттардың құқықтық негіздері әртүрлі. Қырғызстанның сайлау жүйесіндегі өзгерістерге және депутаттық корпусның қалыптасуына 2020 жылғы қазан оқиғасы толықтай әсер еткенін атап өткім келеді. Нәтижесінде конституциялық реформа жүргізіліп, онда конституциялық кеңес мүшелері депутаттық корпусы мажоритарлық және пропорционалдық жүйе бойынша аралас жүйе негізінде сайлауды ұсынды. Мажоритарлық жүйеге осылайша оралу қызық болды. Себебі, бұл біріміздің басымыздан посткеңестік кезеңде өтті», – деді К.Азиз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«ҚСЗИ GPS: Gylum. Pikir. Sayasat» алаңында қырғызстандық мамандармен өзара пікір алмасу аяқталған соң, отандық сарапшылардың сайлау, елдегі саяси реформалар туралы пікірін білдік.



Еркін ТҰҚЫМОВ,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

Парламентке мықты депутаттар келеді

Негізгі әлеуметтік сұрақтардың сайлаумен тікелей байланысы бар. 19 наурыз күні тек Мәжіліс емес, мәслихат депутаттары да сайланады. Мәжіліске 70%-ы партия тізімі бойынша және 30%-ы бірмандатты болса, облыстық деңгейден төмен орындарда бірмандатты сайланушылардың үлесі – 100%. Мұндай өзгерістер өз кезегінде өңірлік сұрақтарды шеше алатын, халықпен байланысы бар мықты мамандардың жауапты қызметке келуін қамтамасыз етеді.

Ал Парламенттің төменгі палатасы нәтижесінде аралас жүйеге ауысты дейтін болсақ, оның себебі – өңірлердегі негізгі сұрақтарды білетін, оларды ұлттық деңгейде шешуге талпынатын адамдарды Мәжіліске әкелу. Екіншіден, қаншама деңгейлерден өтіп, Парламентке келген бірмандатты депутат өзекті мәселелерді шешуде өзінің біліктілігін, мол тәжірибесін қолданады. Қазір Парламент құрамы қандай болатынын табу өте қиын.

Черчилльдің сөзін айтудан жалықпаймын: «Адамдар далада төбелескенше, олар Парламентте төбелесін. Әрине, сөз жүзінде».

Қырғыз Республикасының Президенті жанындағы ҰСЗИ ғылыми қызметкері Шерадил Бактыгулов ағымдағы сайлау Қазақстандағы саяси жүйенің өзгеруінің көрсеткіші екендігіне назар аударды. «Жақында Қазақстанда болатын Парламент сайлауы, менің ойымша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған реформалардың жалғасуының дәлелі. Бұл Қазақстанның саяси жүйесінің жаңаруының көрсеткіші екенін атап өткім келеді. Сайлауға қатысты айтар болсам, әлемде кемшіліксіз сайлау жүйелері жоқ және барлық тәжірибелер бір-бірін байытып отырғаны анық. Осыған байланысты мен Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына бар тәжірибемен бөлісуге мүмкіндік беретін осы сараптама алаңын ұйымдастырғаны үшін алғыс айтамын», – деді сарапшы.

Өз кезегінде Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығының жетекшісі Айдар Әміребаев бір мандатты сайлау округтері балама көзқарастарды қарастыруға мүмкіндік беретінін айтты. «Өзіне тән міндеттер мен функцияларды лайықты атқара алатын тиімді Парламентті қалай құруға болатыны бізді толғандырады. Бір мандатты сайлау округтері балама көзқарастарды білдіруге мүмкіндік береді деп ойлаймын», – деді А.Әміребаев.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі Гүлнәр Насимова партиялар мен кандидаттар жастармен жиі кездесіп тұруы керек деп есептейді. «Қазіргі жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Олар сайлауалды бағдарламаларды таразылап, талдай алады. Партиялар мен кандидаттар тек белсенді жастармен ғана емес, еліміздің барлық жастарымен байланыста болуы керек. Қазіргі жастар, әсіресе студенттер, манипуляция мен фейктерді ажырата алады. Жастардың мотивациясын түсінуге үшін олармен жиі кездесіп, тілдесу қажет», – деді Г.Насимова.

Ал «Стратегия» ӘСЗО» ҚҚ жобалар үйлестірушісі Ольга Симанова сайлау жүйесінде әлі де өзгерістер керек екенін айтты.

«Халық үміткерлермен және олардың бағдарламаларымен әлі таныс емес. Сайлаушыларды жаңаша тәрбиелеу керек деп есептеймін», – деді ол.

Талқылау қорытындысы бойынша сарапшылар Қазақстандағы сайлау жүйесін реформалауға оң баға берді. Сондай-ақ, талқылауға қатысқан мамандар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жаңа шақырылымында пікірлер плюрализмін қамтамасыз етудің әлеуеті жоғары екенін атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, сайлау үдерісіне мажоритарлық жүйені қайтару мемлекеттік саясаттың өрісін кеңейтеді. Сонымен қатар, спикерлер алдағы сайлау және одан кейінгі саяси жүйенің жұмыс істеуі сапалы сараптамалық-талдауды қажет ететініне бірауыздан келісті.



Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары:

Үміткерлерге жауапкершілік жүктеледі

19 наурыз күні сайлау болатыны бәріне мәлім. Қазірдің өзінде бірмандатты округтерде 29 орынға 609 адам үміткер болып тұр. Кандидаттар өз еркімен, заң жүзінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Ал партиялардың тізімінде азырақ, онда 283 үміткер. Сол себепті, бірмандатты округтерде үлкен бәсекелестік, үлкен дода болады. Әсіресе, Астана, Алматы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы сынды ірі қала-облыстарда өз-өзін ұсынған кандидаттар көп. Мұндай қызу тартыс болғандықтан, әркімнің өзіндік нақты бағдарламасы және үлкен жауапкершілігі болады.

Меніңше, алдағы сайлау мәслихаттарға айтарлықтай өзгеріс әкелуі керек. Одан кейін мәслихаттың жаңа жұмыс істеу стратегиясы болуы қажет. Себебі, мәслихатта бірмандатты сайланушылардың үлесі көбірек. Облыстық мәслихатта 50/50 пайыз, ал аудандарда 100 пайыз. Енді айта кетерлігі, бірмандатты сайланған депутаттарды кері қайтаруға болады. Егер ауданға өткен депутат өз жұмысын тиімді атқармайтын болса, онда сайлаушылар өз шағымдарын беріп, депутатты кері қайтарып алады. Облыстық мәслихаттарда дәл осылай.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ және жауапкершілік



Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығы «Сайлау заңнамасындағы инновациялар және сайлау комиссияларының қызметі» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді.

Олардың айтуынша, сайлау – еліміздің саяси жүйесін жаңартудың бастамасы. Жиынға ғалымдардан бөлек, сарапшылар, қоғам қайраткерлері қатысты. «Дөңгелек үстел» отырысы басталар алдында Философия, саясаттану және дінтану институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі С.Сейдуманов құттықтау сөз сөйлеп, саяси шараны жаңарту процесінің негізгі тұстарын баяндады. Ол 2022 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы өткізілген жалпыұлттық референдум қорытындысы бойынша бүкілхалықтық қолдау алған еліміз бойынша басталған сайлау процесінің ерекшелігі оның ережелері мен нормаларын түбегейлі өзгерту болып табылатынын атап өтті.

«Біріншіден, ел Президентінің бір мәрте жеті жылдық қызмет мерзімі бекітілді.

Екіншіден, Парламент Сенатындағы президенттік квотаға шектеулер енгізілді. Жоғары заң шығарушы органда Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерінің өкілдігінде өзгерістер болды.

Үшіншіден, заң шығарушы органдарға сайлау форматы да өзгерді. Енді Парламент Мәжілісі депутаттарының 70%-ы партиялық тізімдер бойынша, ал қалған 30%-ы бір мандатты округтер бойынша сайланатын болады.

Саяси партияларды тіркеу рәсімі едәуір жеңілдетілді: саяси партияны ұйымдастыру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең аз саны 1 мыңнан 700 адамға дейін қысқарды; партиялардың Құрылтай съезін өткізу мерзімі 2 айдан 3 айға дейін ұлғайтылды; тіркеу иегі 20 мыңнан 5 мыңға дейін төмендеді; өңірлік өкілдіктердің ең аз саны 600-ден 200 адамға дейін азайды», – деді Серік Сейдуманов.

Жиынға жиналушылардың пікірінше, бұл инновациялар депутаттыққа кандидаттардың тізімдерін дайындау үдерістерінің сипатына және реттелетін қолжетімділік пен партиялық бәсекелестік жағдайында Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау өткізу жүйесіне айтарлықтай әсер етеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жетінші сайланған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлаудың тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Сайлауға қатысу мәселесі бекерден-бекер көтерілмейді, өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, азаматтардың белсенділігі, әсіресе Алматы қаласындағы көрсеткіш, өте төмен болды. Электораттың дауыс берудегі енжарлығының бірнеше себептері болуы мүмкін. Тәуелсіздік алғашы бері отыз жыл өтсе де, авторитарлық билік пен өктем бір партиялық жүйенің номенклатуралық тәсілі өзінің инерциясын ұстап қалды. Таңдау жасау үшін де лайықты балама қажет. Сайлаушының шынайы мүддесі мен көңілінен шығатын үміткердің болмауы бұл жасанды демократиялық үрдіске деген немісқұрайдылық тудырады. Біздің Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» құрамын деген ниетте екені белгілі. Ислам дінінде «әділет – хақтың жолы» екендігін ескерсек, қазақстандық мұсылман жамағаты Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсенді қатысып, дауысын беріп, өз таңдауын жасайды деп ойлаймын», – дейді философия ғылымының докторы, профессор Бақытжан Сатершинов.

Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік берілмек.

Келелі жиында сайлаудың маңыздылығы сараланып, талқыланды. Ғалымдар мен сарапшылар халықтың сайлау хақында түсінігі артып, азаматтық ұстаным қалыптасқанын тілге тиек етіп, бірқатар мәселелерді ортаға салды.



«МЕКТЕП – ОҚУШЫ – АТА-АНА»

САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫП

«Туған елдің ертеңін ойлайықшы қазақша» атты әдеби-музыкалы іс-шара өтті

Рая
ЕСКЕНДІР

Медеу ауданына қарасты «Думан» ықшамауданының тұрғындары тайлы-тұяғымен №172 мектепке жиналды. Өйткені, бұл мектеп тек білім ошағы ғана емес, осы ықшамауданның Мәдениет үйінің де міндетін атқарып отыр. Бұл үрдіс өз кезегінде «Мектеп – Оқушы – Ата-ана» үштік одағы жұмысының жүйелі жалғасып келе жатқанын көрсетсе керек.



Аталмыш мектепте Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің ұйтқы болуымен «Туған елдің ертеңін ойлайықшы қазақша» деп аталатын халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын дәріптеуге арналған әдеби-музыкалы іс-шара өтті.

Шыны керек, қазір көптеген әдет-ғұрпымыз ұмыт болуға айналып барады. Ана тілін білмейтін ұрпақтың қатары көбейді. Сондықтан ықшамаудан қариялары ұрпақ тәрбиесіне өз үлестерін қосқанды жөн көріп, аталмыш іс-шараны қолға алып отыр. Сахналық көріністер арқылы көрсетілген халқымыздың асыл қазыналарын өз көзімен көрген жас ұрпақтың көкейлеріне көп нәрсе түйіп қайтқаны анық. Бұл күні «Думанның» белсенді қариялары әп-сәтте «құда» мен «құдағиға», сахна қазақы ауылға айналып, қоржын көтеріп «Сырға салуға» аттанды. «Қызын ұзатып» құдалықтың жол-жоралғысын жасап, келінді қарсы алуға жиналды. Шашу шашылып, бала біткен тәттіге қарқ болды. Енді бір сәтте «Беташар» айтқан ақынның «сәлеміне» иіліп сәлем салған жас келіннің ибасы да жарасым тапты. Ауылға келген құданы күткен ағайынның абыр-сабыр қалпы аса жарасымды шықты. Өн айттып, арқан тартып, «Құйрық-бауыр» жеп, ақ бата айтқан қариялардың ақ тілегі қазағымыздың керемет салт-дәстүрін жаңғырта түсті.

Ықшамаудан қариялары «Бесікке салу», «Тұсау кесу» сынды салт-дәстүрді сахналап, көпшілік назарына ұсынды.

Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бахтияр Камалов сөз алып, өткізіліп отырған іс-шараның ұрпақ тәрбиесінде алар орнының ерекше екеніне тоқталды:

– Шыны керек, Наурыз мерекесінде болмаса, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұмытылып барады. Тіпті, өз тілін білмейтіндер көп. Сондықтан осындай тәрбиелік іс-шаралар арқылы қазақтың рухын көтерсек дейміз. Ата-бабаларымыз осынау кең байтақ жерді қорғап, бізге аманаттап кетті. Енді біз сол жердің киесін, ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыз керек қой. Үлкенді сыйлап, жасы кішіге көмек көрсететін жақсы қасиеттеріміз бар. Сол жақсы қасиетті жастарымыздың бойына сіңірейік. Соңғы кезде ізгі қасиеттеріміздің кемшін тұстары білініп жатыр. Ауылда бұрынғыдай ата-әже азайып, көбі қалаға көшіп кеткен. Ал қалада тұратын көршілер бір-бірін танымайды. Сондықтан Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі, соның ішінде «Думан» ықшамауданының қариялары өз ұлтымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жаңғыртуды қолға алып, жақсы бастама көтеріп жатыр. Былтыр біз осы мектептен «Ардагерлер орталығын» аштық. Өмірден өтіп кеткен Алаштың ардақты ұлдарын жас ұрпақтың санасында жаңғыртқымыз келеді. Сол үшін былтырғы жылды халқымыздың біртуар ұлы Жұмабай Тәшеновке арнадық.

Келесі кезекте сөз алған «Думан» ықшамауданындағы



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

№32 округ төрағасы Амангелді Шыңғожаұлы ықшамаудандағы төрт жарым мыңнан астам зейнеткерге арналған «Ардагерлер орталығының» жұмысы туралы айтты. Ол жерде ақсақалдардың ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға өз үлестерін қосып жатқанын жеткізді. Мәселен, әжелер қыздарға тоқыма, ұршық иіруді үйретсе, оған қоса ол жерде қазақ тілін тереңдетіп оқытатын үйірмелер де бар.

Ұлттық дәстүрді дәріптеген кеш соңында Медеу ауданы әкімінің кеңесшісі, Жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы Жанат Жолсейітұлы 8 аталым бойынша өнер көрсеткен белсенді қарияларды Алғыс хатпен марапаттап, қаржылай сыйлықтар табыс етті.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ:

Адамдарды ақпараттандыру жұмыстарын
әлі де жандандыру керек



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарына адамдар қисапсыз құжатқа қатысты шаруаларымен барады. Жақында Алматыдағы ХҚКО-ның біріне барып, жұмысымды реттеп жүргенімде, кейбір адамдардың өзіне қажетті ақпаратты ала алмай сабылып жүргенін көзім шалды. Жалпы, емхана, зейнетақы қоры, банк, ХҚКО секілді мекемеде болсын, анықтама бөлімдері жұмыс істейді. Тіпті, кейбір мекемелерде әрбір адамның жұмысы сәтті бітуі үшін, ары-бері сабылтпау үшін арнайы компьютерлер де қойылған. Бірақ сол анықтама бөлімінде отырған мамандардың салғырттығы ма, әлде күнде қайталанатын сұрақтардан шаршай ма, адамдарға ақпарат беруде қысқа қайырып, дұрыс жөн сілгемейтініне куә болып жатамыз.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Тұрғын үйге қатысты анықтамаларды алайын деп, ХҚКО-ның маманына барғаным сол еді, соңымнан бір апа әлгі маманға жақындап: «Балам, маған үй кезегіне тұру керек еді, ХҚКО-да кезекке тұрғызады деп естідім», – деді. Жас маман апаны анықтама бөліміне сілтеді.

Жұмысымды тездетіп реттеп, орталықтың шыға берісіне таяғанымда, анықтама бөлімінде кезекте тұрған әлгі апаға көзім түсіп кетті. Анықтама бөлімінде отырған келін-

шектен апаға көмектесіп жіберуін өтіндім. Бірақ ол да қысқа қайырды. «Біз тұрғын үй кезегіне қоймаймыз, қазір «Kazakhstan.kz» сайты арқылы кезекке тұруға болады» деді. Мұндай өзгерістің енгеніне де көп бола қойған жоқ, бұрын үй кезегіне де расында ХҚКО қоятын, ал қазір арнайы сайт жұмыс істейді. Үлкен кісілер сайттың тілін түсіне бермейді. Сондықтан көңілі жабырқап кері қайтады. Қолымнан келгенше ол кісіге сайт арқылы қалай кезекке тұру керектігін, компьютердің тілін білетін балалары әрекет етуі қажет екенін түсіндірдім.

Бұл – бір ғана мысал. Қанша

адам алдында кез болған болмашы кедергілер үшін өзіне тиісті жәрдемақы, өтемақыларын ала алмай, үйдің кезегіне тұра алмай немесе жылжымайтын мүліктерін заңдастыра алмай жүреді.

Халық арасындағы осындай мәселелер әлеуметтік желілерде де жиі талқыланып жататынын көзіміз шалып қалады. Біреулер «Сұрамаған балаға емшек жоқ» демекші, әркім өзі үшін құжаттарына ұқыпты болу керек, өздері ізденіп, әрекет етуі керек дегенді алға тартса, енді бірі қарапайым халықты ақпараттандыру жұмыстарын әлі де жандандыру керек деген пікірде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жазира БЕГАЛЫ, журналист:

КӨМЕКТЕСУ ПАРЫЗЫМЫЗ

«7 балам бар. 8-ші сәбиге жүктімін. 18 шаршы метрде тұрамын. Үлкен үйде өмір сүру – арманым. Пәтер жалдап шаршап кеттік», – деп жазыпты Боралдайдың тұрғыны. Ұлтарактай жерді паналап жүр екен. Баспанасы жоқ. Еріңіз екеуіңіз тұрмыстық жағдайымызды түзейік деп тиын-тебен жинап, баспана алуды жоспарламадыңыздар ма деп сұрап едім. Тіпті, құжат жинап, үй кезегіне тұруға болатынын айттым.

Келіншек аттай тулап, неге сондай сұрақ қоясыз, сіздердікі өтірік бағдарлама да, деп жағадан алды. Жалпы, өмірге қанша құрсақ әкелсе, ол әр отбасының еркі. Бірақ ішкер асқа, киімге ақшамыз жоқ, баспанасыз қаңғып жүрміз деп қайыр тілеп, балалардың көптігін сылтау қылып, үй алып бер деп сұрау қаншалықты дұрыс?

Әрине, ауруға шалдыққан, түрлі оқиға салдарынан мүгедек болып қалған, жетім өскен, науқас бала бағып, үйде амалсыз байланып, өмірін науқас адамды бағуға арнаған адамдарға көмектесу парызымыз. Балалы үй – базар. Сол балапандардың қарны тоқ, ұйқысы тыныш болуын қамтамасыз ету – ата-ананың парызы. Қазір көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы да қомақты, жеңілдетілген несиелену үймен қамтамасыз ететін бағдарламалар бар. Бірақ бұл бағдарламаларды кейбір ата-аналар білмейді. Ақпараттандыру жұмыстары жетіспей ме? Бұл бағытта тікелей халықпен жұмыс істеу керек деп ойлаймын.

Роза ЖАРЫЛҚАСЫМОВА,
Алматы қаласының тұрғыны:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ

Масылдық көзқарастан арылатын уақыт келді емес пе? Қазіргі таңда еңбектенем деген жанға мүмкіншілік көп. Егер өзі берекесіз адамға миллиондап көмектессен де, біраз уақыттан соң сол қалпына түсіп, тағы да қолын жаюды бастайды. Өмірдің ақиқаты. Әр адам өз өміріне, бала-шағасының өміріне үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Жауапкершілік жоқ болса, сылтау, басқаны кінәлау, өз өмірі үшін басқаны міндеттеу әдетке айналады.

Гүлбану АҚБАЙ, Алматы қаласының тұрғыны:

АЛМА ПІС, АУЗЫМА ТҮС ДЕЙТІНДЕР БАР...

Бұл қазіргі еліміздегі өте өзекті мәселелердің бірі – үйсіз халық көп, мемлекеттің салып жатқан үйі жеткіліксіз. Қазір барлық өңірде «Бақытты отбасы» деген орталықтар бар. Сол жердегі мамандар көпбалалы ана, толық емес отбасы, мүгедек бала асырап отырған отбасы деген категорияларға қарап адамдарды кезекке қоюға, кірісін есептеуге көмектесе алады. Ал осындай мүмкіншілікті пайдаланбай, тек алма піс, аузыма түс дейтіндер қаптап кетті. Әлеуметтік желілерде тұрмысы нашар отбасыларға жылу жинайық дегендерді өзіміз де көріп отырмыз. Адам өзі ниет етіп, орнынан тұрмайынша, осылай бола береді.

Зүбәйра ӘКІМ, журналист:

ТАЛАПТАР СӘЛ ЖЕҢІЛДЕТІЛСЕ ЕКЕН...

Жетіспеушілікпен өмір сүріп жатқан ананың санасы сан-сақта сансырап жүреді. Сол себепті, өзіне керек нәрсені ойын жинап әрекет етуге психологиялық мұршасы бола бермейді. Сосын жасыратыны жоқ, бізде күнделікті, не тұрақты түрде мұндай жағдайдағы отбасыға үкімет тарапынан, не «Отбасы банкен» берілетін баспана жайлы ақпарат өте аз таратылады. Керек адам үнемі қадағалап, таптіштеп іздеп, тауып алып, арыз жазып, үй кезегіне тұруға қол жеткізеді. «Отбасы банкке» депозит ашу үшін де, пәтер алатын кезде зейнет жинағына, тұрақты жұмысына қарап береді. Ерлі-зайыптылардың жалақысы мөлшерден көп болса, үй бермейтін талаптар да бар. Яғни банк талаптары күрделілеу. Сондықтан кейбір отбасы банкке немесе тұрғын үй департаментіне бір рет барып тауы шағылған соң меселі қайтып, қайта беттей алмай қалады. Мұндай жағдайда тұрғын үйге мұқтаж отбасылардың тізімін жасап, құжаттарын түгендеп, мүмкіндіктерін саралап, үнемі ақпараттандырып отыратын арнайы мекеме қажет деп ойлаймын. Сондай-ақ, еліміздегі мұқтаж отбасыларға үй беру тетіктерін жеңілдеткен де жөн.



P.S.

Пікірлерден байқап отырғанымыздай, ХХІ ғасырда, ақпараттық заманда біздің елімізде әлі де көп нәрседен хабарсыз, сауаты аз, өз құқығын біле бермейтін, талап ете алмайтын адамдар жетерлік. Ал ақпараттанбаған адам соғыс алаңында қарусыз қалған сарбаздай. Сондықтан қазіргі таңда халықтың көзін ашуға, білімін жетілдіруге барын салып еңбектеніп жүрген мамандар кез келген мекемеге барарда «бірдеңе біліп барыңыз» деп кеңес береді. Әрине, біздің еліміздің демографиясы үшін көпбалалы аналарға, мұқтаж отбасыларға қолдау қажет-ақ. Өйткені, әр отбасында қазақтың қарақөздері өсіп келеді. Ең бастысы, мемлекеттің әр азаматы қолына берген «қармақты» дұрыс пайдалана алса болғаны.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ АЛЫМЫ

УТИЛЬСБОР: автонарықтағы ахуал қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр 11 қаңтар күні Парламент Мәжілісінің отырысында кәдеге жарату төлемін (утильсбор) жеке компания емес, мемлекеттік компания жүргізуі керектігін айтқан еді. Президент тапсырмасынан кейін автонарықтағы жағдай қаншалықты өзгергендігіне шолу жасап көрдік.

Парламент отырысындағы сөзінде Мемлекет басшысы кәдеге жарату төлемін «ӨКМ Операторы» («Оператор РОП») жеке компаниясының жүргізетінін айтып, оны сынға алған.

«Кәсіпкерлерде және жалпы қоғамда «ӨКМ Операторы» деп аталатын компанияның қызметі көптеген сұрақтар туғызады. Тіпті, бұл жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс пайда болуына дейін жағдай жетті. Мен Үкіметке кәдеге жарату алымын тоқтату және «Оператор РОП» кәдеге жарату алымын басқаруын тоқтату жөнінде шаралар қабылдауды тапсырамын. Мұны өзге елдерде секілді мемлекеттік ұйым жүзеге асыруы керек. Ал алымдардың өздеріне келетін болсақ, олардың мөлшерлемелерін қайта қарау керек», – деп атап өткен болатын Президент. Сондай-ақ, ол мемлекеттің автомобиль өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы машиналарын кәдеге жарату, қолдау жөніндегі функцияларының маңызына тоқталған:

«Бұл мәселені кәсіпкерлермен және жұртшылықпен талқылау қажет. Отандық автомобильдер мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алушыларға кәдеге жарату алымы есебінен ваучерлер беру мәселесін қарастыру, оның қаражатын пайдаланудың өзге де қоғамдық пайдалы тәсілдерін пысықтау қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Парламент отырысындағы Президенттің бұл тапсырмаларынан кейін елімізде бірқатар маңызды өзгерістер орын алды. Алдымен, Мемлекет басшысы тапсырғандай, 2022 жылдың 18 қаңтары күні Үкімет жаңа қаулы қабылдап, «ӨКМ Операторы» ЖШС-ның кәдеге жарату алымындағы қызметін тоқтатты.

Айта кеткен жөн, «ӨКМ операторы» ЖШС 2015 жылдың желтоқсан айында құрылған. 2016 жылдың қаңтарынан бастап жергілікті автоөндірушілер мен ресми импорттаушылар утилизациялық алым төлеуге міндеттеледі. Осы уақыттан 2022 жылдың қаңтарына дейін «ӨКМ операторы» компаниясы утилизациялық алыммен айналысады. Ашық көздерден алған мәліметтер бойынша, 5 жыл ішінде жеке компания 579 миллиард теңгеден астам ақша жинап, түскен қаржының 10%-ын ғана утилизацияға жұмсаған.

Айтылған компания кәдеге жарату алымындағы әкімшілік құзыретін тоқтатқан соң, былтыр қаңтар-наурыз айларында «ӨКМ Операторының» бұрынғы басқарушы директоры, бұрынғы бас директоры, компанияның экс-төрағасы және экология вице-министрі сыбайлас жемқорлық және ақша жымқыру күдіктерімен ұсталды.



● КЕРЕК ДЕРЕК

* Кәдеге жарату алымы (утильсбор) – мемлекетке көлік құралдарын, сондай-ақ арнайы техниканы импорттаушылар, өндірушілер немесе сатып алушылар төлейтін тауарды кәдеге жарату үшін біржолғы төлем. Қарапайым тілмен айтқанда, кәдеге жарату төлемі – бұл салық. Бұл болашақта, көлік жарамсыз қалған кезде оны қайта өңдеуге жұмсалатын ақша.

* Бүгінгі күні кәдеге жарату алымының түпкілікті сомасы бірнеше факторлардан құралады. Біріншіден, алымның базалық мөлшерлемесі – 50 АЕК немесе 153 150 теңге. Екіншіден, есептеу коэффициенті, ол – қозғалтқыш көлеміне және автомобиль санатына байланысты. Мысалы, 2,5 литрлік қозғалтқышы бар Toyota Camry көлігін әкелу кезінде кәдеге жарату алымы 1 531 500 теңгені құраса, 3,5 литрлік қозғалтқышы бар Toyota Camry үшін 3 522 450 теңге төлеуге тура келеді.

● МАМАН ПІКІРІ

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
экономика ғылымының кандидаты:

Көлік – адамдардың қозғалыс құралы. Ол бүгінгі күні адамдардың жұмыс істеуі үшін өте қажетті техника. Осы мәселені Президенттің қолға алғаны көңіл қуантады. Кәдеге жарату алымы немесе утилизацияны басқару жеке компаниядан мемлекеттік ұйымға өтуі өте дұрыс шешім. Бұл «Әділетті Қазақстан» жолындағы қадам десек болады. Айтылған өзгерістен кейін кәдеге жарату алымының бастапқы мөлшері екі есе төмендеді.

Сондай-ақ, шетелден әкелінген көліктерді бір реттік заңдастыру мемлекет үшін тиімді шешім болды. Себебі, азаматтарымыздың қаражаты шетелге кетіп жатты. Олар шетелдік көлікті елімізде мініп жүріп, оның сақтандыру төлемін, салығын өзге мемлекетке төлейтін не мүлдем ешқайда тіркеусіз жүре берті. Енді бұл мәселе Заңмен реттеледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай көлік нарығындағы бірқатар сұрақтар оң шешімін тапты.

2022 жылдың 18 қаңтары күні қабылданған жаңа қаулыға сәйкес утилизациялық алым құзыреті «Жасыл даму» АҚ мемлекеттік ұйымына берілді. Бүгінгі күні кәдеге жарату алымы осы мемлекеттік ұйымға төленеді. Сондай-ақ, сол жылы 23 ақпан күні ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр кәдеге жарату алымының мөлшерлемесі 50%-ға төмендейтінін жариялады. Вице-премьер айтқандай, Экология министрінің 2022 жылғы 29 сәуіріндегі бұйрығымен кәдеге жарату төлеміне өзгерістер енгізілді. Жаңа талапқа сәйкес жеңіл автомобильдер мен ауыл шаруашылығы техникасына базалық

алым мөлшерлемесі 50 АЕК (153 150 теңге) болып бекітілді.

Одан бөлек, ақпан айындағы сөзінде Роман Скляр «ӨКМ Операторы» компаниясының утилизациялық алымынан жинақталған 200 млрд теңгеден астам қаражат халықтың игілігі үшін пайдаланылатынын хабарлаған. Нақты айтқанда, бастапқы жарнасы жоқ, жылдық 4% жеңілдетілген автонесие беру бағдарламасы әзірленіп, оған 100 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылданған.

Бұл бағдарлама өткен жылдың 16 мамырынан бастап іске аса бастады. Жалпы, бағдарламаға бөлінген 100 млрд

теңге негізінде 14 мыңнан астам қарыз мақұлданып, оның ішінде 12,5 мыңнан астам жаңа көлік берілген. Автокредиттің орташа мөлшері 7,8 млн теңгені құрады. Ал 6 ақпан күні жеңілдетілген автонесиеге өтінімдердің екінші легі қабылданды. Ал бағдарламаны жүргізіп отырған Өнеркәсіпті дамыту қоры платформада өтінімдерді қабылдау 100 немесе одан да көп өтініш берушілер үшін ай сайын өткізіледі деп уәде етті.

Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін кәдеге жарату алымындағы өзекті мәселелер біртіндеп өз шешімін таба бастады. Бірақ жалпы автонарықтағы жағдайды бір күнде өзгерту мүмкін емес. Сондықтан Президент 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында шетелден әкелінген автокөліктерді заңдастыруға мүмкіндік беретін бір реттік акция өткізуді ұсынған.

«Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200–250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара», – деген еді Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы Жолдауында.

Президент тапсырмасынан кейін биыл 11 қаңтар күні Үкімет шетелдік автомобильдерді заңдастыру ережесін бекітті. Ал 23 қаңтар күні бүкіл ел бойынша шетелдік автокөліктерді бір реттік тіркеу акциясы басталды (көлікті заңдастыру үшін қойылатын талаптарды газетіміздің өткен нөмірлерінен таба аласыз). Ақпан айындағы жағдай бойынша елімізде 61 мың өтінім мақұлданып, 25 мың автомобиль сәтті заңдастырылған. Ал мегаполисте шетелдік автокөлікті тіркеуге жіберілген 10 327 мың өтінімнің 1649-ы мақұлданып, рәсімнен өткен. Айта кеткен жөн, шетелдік автомобильдерді заңдастыру Қазақстанда 1 шілдеге дейін жалғасады.

P.S.

Мемлекет басшысының утилизация және шетелдік автокөліктерді заңдастыру мәселесіне қатысты айтылған тапсырмалары біртіндеп жүзеге асып жатқанына куә болып отырмыз. Дегенмен, 2023 жылға қойылған барлық жоба-жоспарлар сәтті іске асуы үшін әр министрлік, әр әкімдік, әр ұйым өз міндетін мінсіз атқаруы қажет.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



БОКС

АЛТЫ БОКСШЫ АЛТЫН АЛДЫ

Қазақ боксшыларының бәсі әр уақытта жоғары. Бұл деңгейге жанкүйер де, сарапшылар да үйренген. Олай етпесе, көңіліміз көншімейді. Күш пен жігер, әдіс-айла шыңдалатын шаршы алаңда дес бермеу, құдды қанға сіңген қасиеттей көрінеді.



ОЛАР:
Теміртас Жүсіпов – 48 келі;
Серік Теміржанов – 57 келі;
Саматәлі Төлтаев – 60 келі;
Дулат Бекбауов – 67 келі;
Аятулла Такежанов – 75 келі.

Қазақстан Ұлттық құрама мүшесі, боксшы Айбек Оралбай Венгрияның Дебрецен қаласында Итван Бочкай құрметіне өткен халықаралық турнирде құрама қоржынына алтын салды. 92 келі салмақтың финалында қазақ боксшысы англиялық Патрик Браунмен жұдырықтасу керек еді. Алайда, қарсылас шешуші жекпе-жекке бармады. Дәл осындай жағдай Дулат Бекбауовтың қарсыласының басында да орнады. Сөйтіп, біздің батырмызбен жұдырықтасудан бас тартты. Есесіне, спортшымыздың беделі артты десек, артық айтпағандық болар.

Шаршы алаңда қарсыласын тізе бүктіріп, ел намысын асқақтата білгендер қандай құрметке болсын лайық. Былғары қолғаппен соққыны дөп дарыту оңайға түспейді. Не десек те, көптен озған оғандар жарады. Финалға жеткен алты боксшымыз да алтын иеленді. Осыған орай жеңімпаздар есімдері мен жұдырықтасқан салмақ өлшемдерін коса беруді жөн көреміз.

Тағы бір мәрте нақтылап өтейік. Қазақ боксшылары бұл жарыста 6 алтын медаль иеленді. Осылайша қазақтың кіл мықты ұлдары Мажарстанда үздік нәтижелі өнер көрсетті. 6 боксшы шетінен бір жарыста ең жоғары жүлдені қанжығалады.

ГРЭППЛИНГ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ІЛГЕРІЛЕП КЕЛЕДІ



Алматыда грэпплинг және бразилиялық джиу-джитсудан Халықаралық сайыс өтті. Жарысқа әртүрлі елдерден 900-ге жуық спортшы қатысты. Бұл жолғы бәсеке жасөспірімдер арасында ұйымдастырылды.

Мегаполисте балалар, жасөспірімдер, ересектер және шеберлер арасында AIGA грэпплингтен Almaty Open 2023 KIDS / ADULTS / MASTERS турнирі өткізілді. Оған еліміздің, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресейдің әр өңірінен 900-ден астам спортшы, сондай-ақ Алматы облыстық балалар үйі мен «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

– Бұл халықаралық турнир болып

саналады. Мұны жыл сайын өткіземіз. Осымен қатарынан үшінші рет өткізіп тұрмыз. Бұған алыс-жақын шетел мен өңірлерден келген жас спортшылар қатысуда. Осы жолы Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстаннан келген спортшылар белсенділік байқатуда. Спортшылар үшін осындай жарыстардың маңызы өте жоғары дегіміз келеді, – деді Грэпплинг федерациясының президенті Акмарал Қанатбаева.

Халықаралық турнирге өте тыңғылықты дайындалған. Жаттығу да қызу жүрген көрінеді. Бұл туралы джиу-джитсу мамандары пікір білдірді.

– Біз құрамамызбен өте тыңғылықты дайындалып келдік. Белгілі бір жарысқа бармай тұрып, алдыменен жаттығуға көңіл бөлу керек. Өзіміз де сол этаптан өттік. Түркісіб ауданындағы жаттығу залында барынша спортшылардың дайындығын пысықтадық», – деді жаттықтырушы Максим Пай.

Айта кетейік, аталған турнир 2 күнге созылады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА



ЖҮЛДЕ ЖӘНЕ ЖЕҢІС

Елімізде жеңіл атлетикадан жабық кешендегі X Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Соңғы жарыс күнінде 12 финалдық жарыс өтіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Әйелдер арасында биіктікке секіруден барлық жүлделі орынды Қазақстан спортшылары иеленді. 1.89 м үздік көрсеткішті Надежда Дубовицкая мен Кристина Овчинникова көрсетті. Овчинникова мүмкіндік санынан есе жіберді. Үшінші орынды 1.84 нәтижесімен Елизавета Матвеева иеленді.

Ерлер арасында ұзындыққа секіруден 8.02 метр нәтижесімен тайпейлік Лин Ю Танг үздік атанды. Екінші орында үндістандық Джесвин Алдрин (7.97 метр), үшінші орында қытайлық Жанг Минкун (7.92 метр).

Хусаин Асим Алхизам (Сауд Арабиясы) сырықпен секіруде 5.45 метр нәтижесімен жарыс жеңімпазы атанды. Қатар спортшысы Сейфелдин Мухамед Абдильсалам 5.35 метр нәтижесімен II орын, тайландтық Патсапонг Амсамарнг мүмкіндік санынан есе жіберіп, 5.35 метр нәтижесімен III орын иеленді. Қазақстандық Иван Товченко 5.25 нәтижесімен IV орынға тұрақтады.

Ерлер арасындағы эстафета чемпионатының ең тартысты жарыстарының бірі болды. 4x400 метр эстафетадан Қазақстан ерлер командасы Азия чемпионатында алтын медаль иеленді. Андрей Соколов, Эльнор Мухитдинов, Вячеслав Земс және Михаил Литвин 3:09.15 нәтижесімен ел қоржынына кезекті медаль алып келіп, ұлттық рекордты жаңартты. Екінші орында 3:09.26 нәтижесімен Катар командасы, үшінші орында 3:34.45 нәтижесімен Тәжікстан құрамасы келді.

4x400 м эстафетасында қазақстандық әйелдер командасы 3:44.21 нәтижесімен мәре сызығын бірінші болып кесті.

Әйелдер арасында ұзындыққа секіруден Жапония командасының спортшысы Сумире Хата бірінші орын (6.64 метр), қытайлық Хуан Иньин (6.43 метр) нәтижесімен екінші орын, өзбекстандық Дарья Резниченко (6.37 метр) нәтижесімен үшінші орын иеленді.

Ерлер арасында биіктікке секіруден Реичи Акамацу (Жапония) 2.28 метр биіктікті еңсеріп чемпион атанды. У Сангхек (Оңтүстік Корея) 2.24 метр нәтижемен II орын, сириялық Маджд Эддин Газаль (2.24 метр) мүмкіндік санынан есе жіберіп III орын иеленді. Ерлер арасында 3000 м жүгіруден отандасымыз Шэдрак Кимутай Коеч 7:59.84 нәтижесімен III орын алды. I орын 7:55.25 нәтижесімен Мухаммад Алгарни (Катар), II орын 7:56.41 нәтижесімен Кейта Сато (Жапония) иеленді.

Давид Ефремов ерлер арасында кедергілер арқылы 60 метрге жүгіруден алтын жүлдені иеленді. Спортшымыз бұл қашықтықты 7.65 секундта жүгіріп өтті. Екінші орынды корейялық Чем Кве Ру (7.68), үшінші орынды жапондық Шукей Ишикава (7.70) иеленді.

Ерлер арасында онсайыста жапондық спортшылар үздік танылды. I орынды Юма Маруяма (Жапония), II орынды Кейсукэ Окуда (Жапония), III орынды Дженири Убас (Филиппин) иеленді.

Қувейт спортшысы ерлер арасында 800 метрге жүгіруден чемпион атанды. Эбрахим Альзофайри қашықтықты 1:49.33 секундта, мәре сызығын бірінші боп кесті. Жүлделі II және III орындарды Катар спортшылары иеленді. Абдурахман Саид Хассан 1:49.58, Мусааб Абдулрахман Бала 1:49.68 нәтижесін көрсетті.

Әйелдер арасында 800 метрге жүгіруден қытайлық У Хун Цзяо 2:06.85 нәтижесімен I орын, жапондық Аяно Шиоми 2:07.18 нәтижесімен II орын, Рао СИНЬЮ (Қытай) 2:08.75 нәтижесімен III орын иеленді. Қазақстандық Ақбаян Нұрмәмет 2:10.00 нәтижесімен мәре сызығын IV болып кесті. Әйелдер арасында 60 метрге кедергілер арқылы жүгіруде Маюми Аоки 8.01 секунд нәтижемен мәрені бірінші болып кесті. Үндістандық Джоти Яррахи 8.13 секунд нәтижемен II орын, қытайлық Чэнь Цзяминь 8.15 секунд нәтижемен III орын алды.

Қорытындылай келе, командалық есепте Қазақстан құрамасы алты алтын, үш күміс және үш қола медальмен II орынға тұрақтады.

Чемпионаттың ресми жабылу салтанатында Азия жеңіл атлетика қауымдастығының президенті генерал Дахлан әл-Хамад, ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов және ҚР Жеңіл атлетика федерациясының президенті Даниал Ахметов спортшылар мен ұйымдастырушыларға және жанкүйерлерге алғыс білдірді.

КОНЬКИ

ЕЛ ҚОРЖЫНЫ ТОЛЫҚТЫ

Қысқы спорт түрлерінен нәтижелер жақсарып келеді. Биылдың өзінде түрлі жарыстар ұйымдастырылуда. Мұның баршасына дерлік спортшыларымыз белсенді қатысуда.

Германия конькимен сайыстан жарыс өтті. Қазақстандық спортшылар шеберліктерін көрсетіп бақты. Нәтиже – күміс медаль! Ел қоржынына бұл жолғы айрықша жүлдені Алина Дауранова салды. Сөйтіп, Инцельде де конькимен жүгіру спортынан Әлем Кубогының жасөспірімдер кезеңінде екі дүркін жүлдегер атанды. Бұл туралы Ұлттық Олимпиадалық комитет мәлім етті.

Ол 1000 метрге жүгіруде 1:17.76 нәтижемен екінші болып мәреге жетті. Алинаны неміс Ангел Дейлман ғана басып озды (1:16.29). Тұғырдың үшінші сатысында америкалық Грета Майерс (1:17.82) тұрды. Бұл бағдарламаға тағы екі қазақстандық қатысты. Анығырақ, Арина Ильященко турнирді 13-ші (1:20.28) болса, Алена Лифатова 19-шы (1:21.19) орынмен аяқтады.

Осылайша Инцель мұз айдынында өтіп жатқан Әлем чемпионатының екі күнінде Алина Дауранова Қазақстан құрамасына екі медаль әкелді. Бір күн бұрын ол 500 метрлік спринттік қашықтықта жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді. Сондай-ақ, ол Қазақстан командасының құрамында командалық спринтте екінші нәтиже көрсетті.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

САЙЛАУ – 2023

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 89-бабы 4-3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
3	Абылкасимова Акбопе Бахытжановна	1979	«Таусамал»Тұрғын үй кооперативінің төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Жазылбеков Нурлан Абдужапарович	1956	Алматы қаласы адвокаттар коллегиясының адвокаты, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Турабаев Беибит Батырбекович	1988	«Social Development Center» ҚК, корпоративтік сұрақтар бойынша менеджері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Джаманкулов Тунгишбай Кадырович	1948	М.Әуезов атындағы Ұлттық қазақ драма театрының актері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Қуанбаев Нурлыбек Шамшатович	1964	«Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының кеңесшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Стамбеков Ерлан Даулетович	1966	«ALACARD PetrolTech» ЖШС, бас директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Мұқажан Мұхамед Тоққожаұлы	1994	«ҚР ӘМ Алматы қаласының Әділет департаменті» РММ, бөлім басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Ажигулова Халида Канатбековна	1986	Еуразия технологиялық университеті, қауымдастырылған профессор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Егеубаева Динара Аргингазиевна	1969	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Кучербаев Рустембек Болтаевич	1980	«R.T.A. Group» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Барысов Айбек Айдарұлы	1977	«Казахстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС сату менеджері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Ержигитов Канат Кудайбергенович	1975	Домбырашылар одағы РҚБ төрағасы, «Домбуга» Ұлттық телеарнасының басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Сайлан Болат Санабайұлы	1967	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымының докторы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Матаев Асет Сейтказыевич	1985	«ХАА «ҚазТАГ» ЖШС, бас директордың орынбасары тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Сейтжанов Абдыхакар Ануарович	1970	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттер қалашығының директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ

2023 жылғы 14 ақпан.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 19, 20, 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы Мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №3,4,6,7,8,9,10,11,12,13,15,17,18,19,20,21 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ-тер №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)	12	Калашников Иван Николаевич	1984	«Сильверхоф» ЖШС бас атқарушы директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanat» партиясы, орыс
7	Бахтиярқызы Альбина	1995	Алматы қаласының адвокаттар коллегиясы, АК «Bakhtiyarkyzy & Law» адвокаты, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	13	Әбдікерімов Керімжан Ермұханбетұлы	1994	«АК Алтыналмас» АҚ ішкі логистика бөлімінің аға маманы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
7	Жумабеков Байдилда Бакбергенович	1961	«Байділда қажы спорт таэквондо мектебінің» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	15	Смагулов Асан Токтарханович	1964	«Patriot–1986 қоғамдық бірлестігі» төрағасы, Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
7	Утегенов Бахтыбай Мажитович	1965	Тұтыну кооперативі «Асу», төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	15	Зейнель-Габдин Сакен	1962	«Бірлік» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
7	Юсупжанов Ильяс Халмуратович	2002	Сулейман Демирел атындағы университеттің 3-курс студенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, ұйғыр	15	Молдаш Серікбол Азатұлы	1994	«5000 жігіт» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
8	Елеусизов Тимур Мэлсович	1986	«KAZ ECO Patrol» РҚБ директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Байтақ» жасылдар партиясы, қазақ	17	Калматаев Азамат Мирмханұлы	1991	«Фирма Строй Рем Сервис» ЖШС, «Medical Development» ЖШС, бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Ақ жол» ҚДП, қазақ
8	Карагулов Ерулан Серикович	1971	Алматы қызмет көрсету колледжінің директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanat» партиясы, қазақ	17	Набиев Амиржан Амиржанович	1973	«Атрике-Строй» ЖШС, бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы «Amanat» партиясы, қазақ
8	Манашев Алихан Абенович	1964	Кәсіпкер, «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава Келісім шарты әскерінің тобы» Ардагерлері» (ГКӨТ, ВКШӨТ)» республикалық қоғамдық бірлестігі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; қазақ	18	Мухаметхан Сабыржан	1969	«Қала көркейту» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanat» партиясы», қазақ
9	Бейсембаев Талмас Серикулы	1971	«Eurasian Foods» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	18	Тастекеев Дулат Турсынович	1982	«TAS FINANCE GRouP» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Ақ жол» ҚДП, қазақ
10	Жұмаділов Бекмұрат Смағұлұлы	1967	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	19	Талгатов Зия Балалдинулы	1996	«Техно GRAD» ЖШС, «Atlantik Electronics» ЖШС, «Петропавловск» ЖШС атқарушы директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanat» партиясы», қазақ
10	Айдарбеков Біржан Кенесұлы	1972	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	20	Қыстаубай Әділжан Баймолдаұлы	1962	Еңбек пәні мұғалімі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
11	Каракожаев Бейбитжан Токенович	1971	ҚР ІІМ зейнеткері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	20	Алимбеков Денис Рафкатович	1976	ОО «АРД», Төраға, балалар футболының жаттықтырушысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, татар
11	Карнакбаев Нурлан Тойбаевич	1975	«Алтай–БМ» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ	20	Мустафаев Аладин Алиевич	1987	«OSKIN» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanat» партиясы
				21	Максатов Нұржан Ришатұлы	1993	Каспий қоғамдық университетінің Аға-оқытушысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ


2023 жылғы 14 ақпан.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ОҚИДЫ, ҮЙРЕНЕДІ

Балалар колониясында жасөспірімдер кәсіптік білім алып шығады



Еңбек те адамды түзетеді, дұрыс жолға салады. Ақыл-ойыңды жетілдіре түсуге, адамгершілік қасиетіңді нығайтуға да әсер ететінін өмір дәлелдеген. Бұл, әсіресе, түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан жастар үшін тіпті маңызды.

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінің өндірістік аумағында, яғни балалар колониясында №2 кәсіптік-техникалық мектеп бар. Бұл білім беру мекемесінің іргесі сонау 1973 жылы қаланған.

Қазіргі күні кәсіптік-техникалық мектеп ғимаратында жазасын өтеуші жасөспірімдер «құрылыс ағаш ұстасы», «механикалық-құрастыру жұмыстарының слесарі», «металл бойынша токарь» топтарында оқиды. Кәсіптік-техникалық мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Жасұлан Қасымовтың айтуынша, жасөспірімдерге А.Өтеулиев деген білікті ұстаз арнайы пәндер және материалтану бойынша сабақ берсе, К.Бокотов слесарь мамандығының өндірістік оқыту шебері. К.Нуркин, А.Аджиев столяр мамандығы, К.Өмірбеков және К.Мендіханов токарь мамандығы бойынша сабақ өтеді.

Яғни №11 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер мұнда кәсіптік білім алып шығады. «Құрылыс ағаш ұстасы», «Металл жоңғыш», «Механикалық жинау жұмыстарының слесары» топтарында 6 ай сайын әр бала 3 мамандыққа ие болады.

Балалар күніге үш сағаттан оқиды, үйренеді, тоқиды. Өндірістік практикасын да сол кәсіптік-техникалық мектептің цехтарында өтеді. Өндірістік практиканы аяқтап, емтихандарын тапсырғаннан кейін, сотталған балаларға мамандығы бойынша екі біліктілік беріле отырып, оқуды аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі сертификат табыс-талады.

Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Жасұлан Қасымовтың айтуынша, болашақта жақсы оқыған жасөспірімдерге шәкіртақы қарастырылып жатыр.

Нұр ЖАМАЛ.

ДӘРІС

Дінге де сауаттылық керек

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде сотталған жасөспірімдер арасында қаладағы «Білім және жаңа инновация технологиясы» орталығы өкілдерінің мұрындық болуымен діни сауаттылықты арттыру мақсатында дәріс өтті.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Дәрісті Алматы қаласы Діни басқармасы жанындағы кеңес беру және оңалту орталығының теологы, дінтану магистрі Айбар Қойшыбаев өткізді.

Іс-шараға қала Прокуратурасының және Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің өкілдері де қатысты. Бас бостандығынан айырылған жастар тәрбиеленіп жатқан мекеменің теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру тобының инспекторы, әділет аға лейтенанты Ш.Жарлықасова мен мекеменің жедел аға уәкілі, әділет майоры Н.Жиенбеков те қолдау көрсетті.

Жазасын өтеуші жасөспірімдерге деструктивті діни ағымдардың белгілері қандай, экстремистік идеяларды таратушылар қандай әдістер қолданады, ұлттық және діни құндылықтардың өзара байланысы неде, оның ішінде діни рәсімдерді өткізу нұсқаулығы туралы не білеміз сынды тақырыптар шеңберінде мағлұматтар берілді. Сарапшы Айбар Қойшыбаев конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету үшін құқықтық сананы, отбасы мен қоғамдағы толерантты дәстүрлерді бекітуді қоса алғанда, халықтың жалпы мәдениеті мен білімін көтерудің маңыздылығын да атап өтті.



Дәріс барысында балалар өздерін қызықтырған, маза-лап жүрген сұрақтарына жауап алды. Бүгінгідей жат ағымдар жетегінде жүргендер қатары көбейіп келе жатқан уақытта дәл осындай кездесудер, дәрістер керек-ақ. Жастар керегін алды деп ойлаймыз. Ұйымдастырушылардың да мақсаты сол.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – **18 663**

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЫҚЫЛАС ДҮКЕНҰЛЫ – 180

ЫҚЫЛАСТЫҢ ҚОБЫЗЫ

Алматы қаласындағы Халық музыкалық аспаптар музейіне даңқты қобызшының есімі берілген

Алматы қаласында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Ықылас Дүкенұлының 180 жылдығына арналған «Ықыластың қара қобызы» атты дәстүрлі музыкалық кеш өтіп, қобызшының көшірмесі музей қорына табысталды.

Мерейтойлық музыка кешіне «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының қобызшылары Рауан Абылкасов және Гүлназ Шабанбаева, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері мен Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп оқушылары қатысты. Ал кешті Ықылас Дүкенұлының ұрпағы, ҚР мәдениет саласының үздігі Ақнар Тәттібайқызы жүргізіп отырды.

«Бүгінгі күні Ықылас Дүкенұлының қобызшы Жамбыл облысындағы тарихи өлкетану мұражайында сақтаулы. Ол 2008 жылы мұражайға тапсырылғанға дейін күйші ұрпақтарының қолында болған. Тараз қаласының өңірлік шеберлер қауымдастығының жетекшісі Серік Бекетов осы қобыздың реставрациясын жасап, соның көшірмесін Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне тапсырып отыр», – деді Ықылас Дүкенұлының жетінші ұрпағы Ақнар Тәттібайқызы.

Ықылас Дүкенұлы – қазақ халқының дәулескер күйші-қобызшысы, қазақтың ұлттық ыспалы аспапты музыкасының көрнекті өкілдерінің бірі. Тұлғасы рухани тарихымыздың төрінен орын алған, Қорқыт бабадан кейінгі қобызға тіл бітірген адам. Ол қобыздың дыбыс-дауысының нақ және айқын шығуына себепкер болған. 19 жасында Ықылас өзінің бірінші күйін жазып «Ықылас күйі» деген атау берген. Ол өзінің ең асыл ойларын қобыздың үндыбысының ішектеріне сіңірілген күйлермен жеткізе білген.

«Ықылас атаның түпнұсқа қобызында ойнағанда, оның даусы далаға да естіледі. Онда сиқыр бар, құпия бар. Қобызды Қазақ хандығының 550 жылдығы кезінде ойнағанда далада боран болып кеткен. Сондықтан бұл қобыз қасиетті, қастерлі



деп санаймын. Бүгінде ұсталарымыз қобызды әртүрлі қылып жасайды. Негізгі мақсат – Ықылас Дүкенұлының қобызшы эталонды болып, стандарт болып, сол қобыздың үлгісімен жасалғанын қалаймыз. Бұрынғы көне қоңыр дыбысты Ықыластың қобызшы арқылы да жеткізсек тамаша болар еді», – дейді Ақнар Тәттібайқызы. Ықыластың алғашқы біртума күйлері

қазақ халқының музыкалық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты. Олар өзге аспаптық шығармалардан шапшаңдығымен және ырғақ құрылысымен өзгешеленеді. Сонымен қатар, оларда тақырыптық көлемі мен ой-сана мазмұндарының көпқырлылығы байқалады.

«Аталған қобызды Ықыластың ұрпақтары 1916 жылдан бүгінгі күнге дейін



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қастерлеп, отбасының киелі мұрасы ретінде сақтап келген. Олар келтірген дерекке сенсек, Ықылас Дүкенұлы қобызын осыдан 140 жылдан астам уақыт бұрын жасаған екен. Қорқыт пен Қойлыбайдан кейін қазақ даласын сазбен тербеген әйгілі қобызшы Ықылас екені мәлім. Ықылас Дүкенұлының шөбере келіні Алтын Ақынбаева музей қорына тапсырыпты. Ол кісіге де айтар алғысымыз шексіз», – дейді «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директорының даму жөніндегі орынбасары Қайрат Тарбаев.

Ықылас эпостық-батырлық тұрғыдағы күйлерімен қатар, философиялық-лирикалық бағыттағы шығармаларды да орындаған. Оның «Аққу», «Жезкиік», «Қамбар-Назым», «Қасқыр», «Кертолғау», «Ерден» сынды күйлері халық арасында кең тараған.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 1990 жылы Алматы қаласындағы Халық музыкалық аспаптар музейіне даңқты қобызшының есімі берілген.

КӨРМЕ

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде график-суретші Кәрім Бекеновті еске алу мақсатында көрме ашылды.

ҚР Суретшілер одағының және Журналистер одағының мүшесі, полиграфияға еңбегі сіңген қайраткер Кәрім Бекенов – ғажайып аңыз, эпос-жырларға жан бітірген график-суретші.

Иә, Кәрім Теміртасұлының шығармашылық өмірі халықтың аңыз ертегісі мен эпостық жырлардан бастау алады. Суретші белгілі бір мәтіндегі кейіпкерлерді бейнелеуде оқиғаларды көзбен көргендей ғажайып бір өмірге енгізе, ақиқатты сезінуге жетелейді. Ол қазақ поэзиясының қазынасына енген «Қобыланды батыр», лирика-эпостық поэма – «Қыз Жібек», халық ертегілері – «Тазша бала», «Алдаркөсе», «Мың бір түн», 2-томдық «Әлем халықтарының ертегілері», сондай-ақ Бейімбет Майлиннің «Раушан – коммунист», Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», Құрманбай Толыбаевтың «Дән», Шыңғыс Айтматовтың «Мәңгірт», Әбіш Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлт», «Шыңырау» шығармаларына иллюстрациялық парақшалар жасап безендірді.



Суретшінің тұлғасын, ішкі жан-дүниесін, рухани болмысын әрбір жасаған иллюстративтік композициясынан тануға болады дейді мамандар. Көрме наурыздың 12-сіне дейін жалғасады.

Бетті әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ